

«Қазтұтынуодағының Қостанай жоғары экономикалық колледжі» мекемесі  
Учреждение «Костанайский высший экономический колледж Казпотребсоюза»

**Сабақтың әдістемелік әзірлемесі**  
**Методическая разработка урока**

**Тақырып:** Қаржы менеджменті басқару жүйесі ретінде

**Тема:**

**Пәні бойынша:** Қаржы менеджменті

**По дисциплине:**

**Мамандығы бойынша:** 0516000 - Қаржы

**По специальности:**

Қаржы-экономикалық кафедра  
отырысында қаралды  
Рассмотрена на заседании  
кафедры финансово-  
экономических дисциплин  
Хаттама № /Протокол №  
от « 04 » 09 2020 ж / г  
Кафедра басшысы:  
Руководитель кафедры:  
Б.К.Кукенова

Костанай, 2020 г

## **Мазмұны**

1. Түсініктеме хат
2. Кіріспе
3. Сабақ жоспары
4. Сабақтың барысы
5. Қорытынды
6. Әдебиеттер тізімі

## Түсініктеме хат

Еліміздің нарықтық қатынастарды дамуы кәсіпорын қаржыларының маңызын арттыра түсті. Кәсіпорынның қаржылық жағдайының ресурстарының жағдайы, оның қызметінің нәтижелерін анықтайтын фактор болып табылады. Кәсіпорын жағдайының сандық және сапалық параметрлері оның нарықтағы орны мен экономикалық кеністікте тиімді қызмет ету мүмкіндігін анықтайды. Осы мәселелердің барлығы экономиканы басқаруда қаржыларды басқарудың маңызын арттыра түсті. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігі және төлем қабілеттілігі ең алдымен қаржылардың оңай ұйымдастырылуымен анықталады да ақша қатынастарының жүйесі болып табылады және де ақшалай қорлардың айналым процесінде олардың қалыптасуын және пайдалануын көрсетеді.

Кәсіпорынның негізгі міндеті оның иелерінің әл-ауқатының максималды көбеюі болып табылады. Қаржыны басқаруда оңтайлы нәтижеге жету үшін, бизнестің жалпы құрылымындағы қаржылық менеджмент маңызды орын алады.

Бұл тақырыптың өзектілігі қаржылық менеджмент кәсіпкерлік қызмет болып қарастырылады, яғни қаржылық менеджердің мамандануына байланысты кәсіпорынның қаржылық қызметі дамиды. Басқару жүйе ретінде қаржылық менеджментте басқаратын ішкі жүйе, яғни субъект және басқарылатын ішкі жүйе, яғни басқару объекті қарастырылады. Субъектіге жататындар: қаржылық қызметті жүзеге асыратын мамандар тобы, яғни қаржылық менеджмент – жерлер, ал қаржылық менеджменттің объектісіне: ақшалай қаражаттар, қаржылық ресурстар, капитал айналымы және қаржылық қатынастар жатады.

Осы тақырыпты зерттеудің мақсаты: қаржылық менеджменттің мәні, оның негізгі функциялары мен принциптерін ашу. Ол үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қаржылық менеджменттің мақсаттарын, міндеттері мен принциптерін қарастыру;
- қаржылық менеджменттің негізгі түсініктері мен функцияларын анықтау;
- қаржылық менеджменттің мәні мен құрылымын белгілеу;
- қаржылық менеджменттің ұйымның басқару жүйесіндегі орнын және оның жұмыс істеу механизмдерін анықтау.

## Кіріспе

Қаржы менеджері қаржылық ақпаратты түсінуі, қаржы қызметінің нәтижелерін және капитал салу жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін талдауы, капиталды пайдаланудан алынған нәтижелерді есептеуі, әзірленген қаржылық бағдарламалардың ұтымдылығы мен тиімділігін бағалауы және қаржы ресурстарын пайдалану жөнінде есеп жасауы тиіс.

Бұл тақырыптың өзектілігі қаржылық менеджмент кәсіпорынның қаржылық жағдайын басқарумен тікелей байланысты. Қаржылық жағдай кез-келген компанияның саласы мен қызмет түріне қарамастан ұзақ мерзімді перспективаларын сипаттайды. Кәсіпорынның ұзақ және тиімді жұмыс істеуі үшін нақты қаржылық жоспарлау мен бақылау, қаржылық әдістер мен тетіктерді уақтылы және барабар қолдану, ұйымның қаржылық менеджментін жақсы ұйымдастыру қажет.

Қаржы менеджментінің *басты мақсаты* - қазіргі кезде және болашақта кәсіпорын иелерінің әл - ауқатын барынша көбейту. Бұл мақсат кәсіпорынның нарықтық құнын барынша көбейтуді қамтамасыз ету барысында көрінеді, бұл өз кезегінде кәсіпорын иелерінің қаржы мүдделерін жүзеге асырады.

Қаржылық менеджменттің *басты міндеті* - бұл фирма кірісінің қалыпты деңгейін сақтай отырып, қарапайым акция бойынша, мүмкін болатын дивиденд бойынша көбеюін қадағалау, яғни фирманың оңтайлы қызмет тәртібін анықтау.

Тақырыптың күрделілігі мен өзектілігін ескере отырып, орынды аралас типті теориялық сабақ өткізер алдыңғы сауалнама.

Сабақтың формасын таңдау ойларға байланысты уақытты үнемдеу және дағдыларды тексеру және бағалау қажеттілігі студенттердің сыни ойлау қабілетін дамыту. Сабақтың аралас формасы оқу іс-әрекетінің бірнеше түрін біріктіруге мүмкіндік береді: түсіндіру оқытушымен жаңа материалды пайдалана отырып, дербес студенттердің түрлі деңгейлік тапсырмаларды шешуі, ойлау. Презентациялар назар аударуға және белсендіруге мүмкіндік береді жұмысты студенттер.

Сабақтың мақсаты—студенттердің қаржы менеджменті саласында терең білім алуы, қаржылық басқару шешімдерін негіздеуге және оларды компания деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи экономикалық ойды қалыптастыру.

Сабақтарды өткізу кезінде келесі әдістерді қолдану қажет:

- теориялық талдау;
- салыстырмалы әдіс.
- жазбаны қабылдау-студент тірек конспектісін жазды;
- әңгімелесу-қаржыны басқарудың негізгі рәсімдерін зерделеу кезінде;
- түсіндіру - жаңа материалды түсіндіру кезінде;
- көрнекі - "қаржыны басқару" схемасын зерделеу»

## Негізгі бөлім

Сабақ өткізу барысының сипаттамасы

Оқытушы жұмысының соңғы нәтижесі меңгерілетін педагогикалық технология арқылы болашақ маманның келесі құзыреттерін қалыптастыру болып табылады:

- 1) өз бетінше ақпаратты табу, талдау, іріктеу, қайтадан жасау, сақтау, түсіндіріп беру, ауыстыру, сонымен бірге қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы;
- 2) ақпаратты өңдеу, логикалық операцияларды қолдану (талдау, синтез, қорыту, құрылымдау, тікелей және жанама дәлел, аналогия бойынша дәлел, үлгілеу, материалдарды жүйелеу);
- 3) өз іс-әрекетін жоспарлап жүзеге асыру үшін ақпаратты пайдалану даярлығы т.б.

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

Студенттермен амандасу және сабаққа қатысын түгендеу, бөлменің тазалығын тексеру, студенттердің назарын сабаққа аудару, сабақты бастау

#### **Жаңа материалды белсенді меңгеруге оқушыларды даярлау кезеңі**

Сабақтың мақсатын хабарлап, білім алушылардың назарын сабаққа аудару.

Сабақтың мақсаттарын қою: қаржылық менеджмент ұғымын ашу; қаржылық менеджменттің негізгі принциптері мен функцияларын зерттеу, сонымен қатар сабақта алған білімдерін бекіту; оқушының шығармашылық ойлау, талдай білу және салыстыра білу қабілеттерін дамыту; өзіндік ізденуге үйрету, үнемділікке, іскерлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Слайдта көзделген негіздер бойынша жаңа тақырыпты ауызша баяндау, түсіндіру арқылы, сондай-ақ ішінара білім алушылардың пікірлерін айқындау барысында сұрақ-жауап алмасу арқылы жаңа сабақты түсіндіру. Алдымен жаңа тақырып жөнінде студенттердің пікірлерін тыңдау.

#### **Жаңа білімді бекіту**

Жаңа тақырып барысында оқушылардың білімдерін кеңейту, жүйелеу, жалпылау, тереңдету, бекіту. Жаңа сабақтың байланысы бойынша сұрақ қою

Оқушыларға презентация слайдтарында берілген сауалнама сұрақтарына себебін түсіндіріп, жауап беру ұсынылады

Сұрақ – жауап арқылы сабақты бекіту.

**Сабақты қортындылау.** Сабақты қорытындылау мақсатында (білім алушылардың сабақты қаншалықты меңгергенін тексеру). «Quizlet» бағдарламасы арқылы оқушыларды пән бойынша жаңа тақырып бойынша терминдерді естерінде сақтап қалуы үшін ойындар ойнату.

**Оқушыларды бағалау:** үйге берілген тапсырмалардың орындалуы мен сабақ барысында белсенділігіне жаңа тақырыпты меңгеру деңгейіне баға қою. Сабаққа белсене қатысқан студенттерді ерекше атап өту, бағалау.

**Үйге тапсырма.** Үй тапсырмасы: қаржы менеджмент мәні мен мағынасын түсініп оқу, жаңа сөздерді жаттау. Оқушыларға пайдаланылатын әдебиеттерді атап өту. Сапарова Б.С. Қаржы менеджменті: оқулық – Алматы: Экономика, 2015, 6-24 беттер.

**"Qaztutynýodaǵy Qostanaı joǵary ekonomıkalyk kolledji" Mekemesi**  
**Учреждение "Костанайский высший экономический колледж**  
**Казпотребсоюза"**  
**Institution "Kostanay higher economic college of Kazpotrebsoyuz"**

**SABAQ JOSPARY**  
**ПЛАН ЗАНЯТИЯ (УРОКА) № 1**  
**LESSON PLAN**

**Rán /Дисциплина/ Discipline:** Қаржы менеджменті

**Kúni /Дата /Date:** 03.09.2020

**Mamandyq /Специальность /Specialty:** 0516000 «Қаржы» (салалар бойынша)

**Top /Группа /Group:** ФК-15

**Taqyryby /Тема /Theme:** «Қаржылық менеджмент басқару жүйесі ретінде»

**Sabaqtyń túri /Тип урока /Lesson type:** жаңа білімді игеру

**Sabaqtyń maqsatary /Цели урока /Lesson objectives**

**bilimdilik / образовательные / educational:** қаржылық менеджмент ұғымын ашу; қаржылық менеджменттің негізгі принциптері мен функцияларын зерттеу, сонымен қатар сабақта алған білімдерін бекіту.

**damytúshylyq / развивающие / developing:** оқушының шығармашылық ойлау, талдай білу және салыстыра білу қабілеттерін дамыту.

**tárbielik / воспитательные / educational:** өзіндік ізденуге үйрету, үнемділікке, іскерлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

**Sabaqtyń jabdyqtary /Оборудование урока/ Lesson equipmen**

**kórnekilik quraldar /наглядные пособия / visual aids:** Zoom бағдарламасы, презентация

**úlestirmeli quraldar /раздаточный материал / handout:**

**TOQ /ТСО / TTT:** компьютер

**Ádebiet /Литература/ Literature:** Сапарова Б.С. Қаржы менеджменті: оқулық – Алматы: Экономика, 2015,-632 б. 6-24 беттер.

**Sabaqtyń mazmuny /Содержание занятия / Lesson content:**

<b>Kezeńderi /Этапы /Stage</b>	<b>Ýaqt /Время / Time</b>
Ұйымдастыру кезеңі	2 мин
Оқушылар білімін тексеру	10 мин
Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру	2 мин
Жаңа білімді игеру	45 мин
Жаңа тақырыпты бекіту	15 мин
Қорытындылау	4 мин
Үй жұмысы	2 мин

## Sabaqtyń barysy /Ход урока /During the lesson

<p>Оқытышының іс – әрекеті/ Деятельность преподавателя/ Teacher Activities</p>	<p>Оқы әдістері, оқыту әдістері, педагогикалық әдістемелер, педагогикалық технологиялар/ Методы обучения, методические приемы, педагогические техники, педагогические технологии/ Teaching methods, teaching reception, pedagogical techniques, pedagogical technologies</p>	<p>Оқы ресурстары мен материалдар/ Учебные ресурсы и материалы/ Learning Resources and Materials</p>	<p>Оқышының іс – әрекеті/ Деятельность обучающихся/ Students activities (jas oqytushylar úshin tolygý mindetti / обязательно для заполнения молодым преподавателям required for young teachers)</p>
<p><b>1. Ұйымдастыру кезеңі</b> Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, сабаққа дайындығын тексеру, кабинет тазалығын қадағалау; сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру.</p>	<p>АКТ</p>	<p>Презентация</p>	<p>Оқушылар амандасады. Сабаққа қатысу туралы мәлімет береді.</p>
<p><b>2. Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.</b> Мақсат қою және оқу іс-әрекетіне қызығушылықты ояту, мотивациялау: - сабақтың мақсатын хабарлап, білім алушылардың назарын сабаққа аудару. (слайд түрінде көрсету)</p>	<p>АКТ</p>	<p>Презентация</p>	<p>Тыңдайды, сабаққа дайындады</p>
<p><b>3. Оқушылар білімін тексеру</b> Жалпы қаржы туралы сұрақтарын қою Сұрақтар қойылады: 1. Кәсіпорын менеджментінің деңгейлерін атап өтіңіз</p>	<p>АКТ</p>	<p>Презентация</p>	<p>Оқушылар тыңдайды, сұрақтарға жауап береді</p>

<p>2. Менеджер, ол кім және қандай сипаттарға тән</p> <p>3. Менеджерге қойылатын талаптар</p>			
<p><b>4. Жаңа білімді игеру</b>  Жаңа сабақты баяндау.  Тақырыбы: « Қаржылық менеджмент басқару жүйесі ретінде»  Жоспарды баяндау:  1. Қаржылық менеджмент – басқару кешені түрінде  2.Қаржылық менеджменттің функциялары  3.Қаржылық менеджменттің принциптері  1 сұрақ. Оқытушы тірек конспект арқылы және презентация арқылы түсіндіру. Оқушылар қаржылық менеджмент кәсіпкерлік қызмет болып қарастырылады, яғни қаржылық менеджердің мамандануына байланысты кәсіпорынның қаржылық қызметі дамиды. Басқару жүйе ретінде қаржылық менеджментте басқаратын ішкі жүйе, яғни субъект және басқарылатын ішкі жүйе, яғни басқару объекті қарастырылады. Сұрақты қорытындылау және келесі сұраққа көшу.  2 сұрақ. Сұрақты презентация арқылы түсіндіру. Студенттер негізгі функцияларды, олардың қаржылық менеджердің іс-әрекетіндегі рөліне қалай әсер ететіндігін өздері баяндайды.  3 сұрақта Оқытушы</p>	<p>АКТ</p>	<p>Презентация</p>	<p>Тыңдайды, сұрақтар қояды, дәптерге жазады, талқылауға қатысады. айтады</p>



презентация бойынша қаржылық менеджменттің негізгі принциптерін айтады түсіндіреді. Оқушылар бұл мәселенің маңыздылығын түсіне отырып, көп көңіл бөледі. Сұрақты қорытындылау.			
<b>5. Жаңа тақырыпты бекіту</b> Тақырыпты бекіту мақсатында оқушыларға мынадай тапсырмалар беріледі: Сұрақтар қойылады: 1. «Қаржылық менеджмент» ұғымына анықтама беріңіз. 2. Кәсіпорынды басқарудың жалпы жүйесінде қаржылық менеджменттің рөлі мен орны қандай? 3. Қаржылық менеджментті ұйымдастыру принциптерін атаңыз және сипаттаңыз. 4. Қаржылық менеджменттің функцияларын атаңыз және сипаттаңыз. Тест тапсырмасы	АКТ	Презентация	Тыңдайды, жауап береді, тестті орындайды.
<b>6. Қорытындылау</b> Сабақты қорытындылау. Оқушыларды бағалау.	АКТ	Презентация	Тыңдайды, қорытындылауға қатысады
<b>7. Үй жұмысы</b> Үй тапсырмасы: қаржы менеджмент мәні мен мағынасын түсініп оқу, жаңа сөздерді жаттау, Сапарова Б.С. Қаржы менеджменті: оқулық – Алматы: Экономика, 2015,-632 б. 6-24 беттер.	АКТ	Презентация	Оқушылар үй тапсырмасын жазып алады.

**Оқытышы /Преподаватель/ Teacher:**

Кукенова Б.К.

## Қорытынды

Бұл сабақта оқушының теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушылар кәсібіне сәйкес жаңа сөздермен (терминдермен) таныс болды. Ең алдымен жаңа сабақты сұрақтарға бөліп түсіндіріп, ең негізгілерін жазғызу. Оқытушы тірек презентация арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру. Оқушы жалпы қаржы және менеджмент туралы сұрақтарды дамыта отырып, сабақтардың тиімділігін арттыруда мына жайттарды басшылыққа алған жөн:—жаңа материалды оқып үйренуге және оқып игеруге деген оқушының қызығушылығын тудыру;—оқушыға берілетін тапсырманы оқушы қабілетін ұштайтындай қиялын дамытатындай етіп әзірлеу;—білімді дайын күйінде бермей, оқушының өзі ізденуді қажет ететіндей етіп ұйымдастыру. Егер оқушының өзіндік дұрыс ұйымдастыра, олардың бойында кәсіби шеберліктің негіздерін қалыптастыруға жету. Өзіндік жұмыста лекцияны жазу, практикалық сабақтарға дайындалу, баяндама, оқушы тиянақты, еңбектенуге дағдыланады. Оқытуда биік нәтижеге жетудің маңызды жолы – оқушыларға әңгіме элементін қоса отырып, лекциямен жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу. Лекция арқылы оқушыны өз бетінше ізденуге, қорытындалауға тәрбиелеу, яғни ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасап, өз ойын баяндауды үйренеді. Үй тапсырмасы (өзіндік жұмыс берілгенде, мына мақсаттар көзделуі тиіс): білім алуға, білімді пайдалануға, теориялық білімді практикада (өз тәжірибесінде) қолдана білуге, сұраққа өздігінен жауап бере білуге үйрету, т.с.с. Қорыта келе, жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқыту мен тәрбиелеуге тың әдіс-тәсілдер енгізілді. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиімді деп танылған жаңа технологиялары дүниеге келеді. Кез-келген оқыту технологиясы мұғалімнен терең теориялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік білімді, үлкен педагогикалық шеберлікті, шәкірттердің жан дүниесіне терең үңіліп, оны ұғына білуді талап етеді. Сондықтан оқушының рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын педагогтар ғана бүгінгі қоғамның мүддесі мен әр баланың үрдісінен шыға алады. Ойы жүйрік, ақылы жетік, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, жеке тұлғаны тек қана педагог қалыптастыра алады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әмірқанов, Р. Қаржы менеджменті: Оқу құралы: Алматы, 2002.- 187 б.
2. Есенгельдин Б.С. Қаржылық менеджмент. - Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 286 б.
3. Есенгельдин Б.С. Қазақстан Республикасының бюджет саясаты: теориясы, тәжірибесі және даму бағыттары . Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2018.
4. Мадиярова Э.С., Сүйеубаева С.Н. Қаржы менеджменті: оқулық – Алматы: Экономика, 2019,-262 б.
5. Сапарова Б.С. Қаржы менеджменті: оқулық – Алматы: Экономика, 2015,-632 б.
6. Сейсенбай Өсербайұлы, Ә.А. Ахметов, А.М. Қанағатов. Қаржы менеджменті: практикум. Алматы: Қазақ ун-ті, 2011.- 58 б.
7. Төлебаев, Ж.С. Қаржылық менеджмент: Алматы: Эверо, 2014.- 192 б.